

## Диссертациялық кеңестің 2023 жылғы жұмысы туралы есеп

«Торайғыров университеті» КеАҚ жанындағы 8D023 – Тілдер және әдебиет (8D02302 – Қазақ филологиясы, 8D02301 – Филология, 6D020500 – Филология (қазақ), 6D020500 – Филология (орыс) мамандықтары) кадрларды даярлау бағыты бойынша диссертациялық кеңес.

### 1. Өткізілген отырыстар саны – 1.

Диссертациялық кеңес отырысы 2023 жылдың 27 – желтоқсанында өткізілді. Онда 8D023 – Тілдер және әдебиет кадрларды даярлау бағыты, 6D020500 – «Филология (қазақ)» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Шахажанова Гульнар Каримжановнаның «С. Қасқабасов – фольклортанушы ғалым» тақырыбындағы диссертациясының қорғауы өткізілді.

Диссертациялық кеңес формасы – аралас (офлайн және онлайн).  
Офлайн қатысқандар – 7; онлайн қатысқандар – 2.

### 2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелері – жоқ.

Диссертациялық кеңес отырысына тұрақты және уақытша құрам толық қатысты.

### 3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі:

р \ с	Аты-жөні	Мамандық	Диссертация тақырыбы	Ғылыми жетекшілері	Оқу орны
1	Шахажанова Гульнар Каримжановна	6D020500 – «Филология (қазақ)»	С.Қасқабасов – фольклортанушы ғалым	Ф.ғ.д., профессор Н.Қ.Жүсіпов; шетелдік кеңесшісі профессор, PhD доктор Незир Темур (Гази университеті, Анкара қ., Түркия)	«Торайғыров университеті» КеАҚ

#### **4. Есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:**

Диссертациялық кеңесте қорғалған Гультар Каримжановна Шахажанованың 6D020500 – «Филология (қазақ)» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «С. Қасқабасов – фольклортанушы ғалым» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын қысқаша талдау:

##### **4.1 тақырыбы бойынша талдау:**

Бүгінгі таңда қоғамдық сананың жаңғыруына ұлттың рухани бар інжу-маржанын асыл қазынасын жиған қазақ әдебиетін зерттеу өзекті болып отыр. Соған байланысты фольклорлық бағыттағы зерттеулердің маңызы артып келеді.

Халықтық шығармалардың ұлттың ой-танымы мен қабілетін, ұшқырлығы мен талантын танытатын мұра екендігін, рухани нәр, жұрттың бүгінгі тәуелсіз күнге жеткізген асыл армандарының жалғасы ретінде құнды зерттеулер жасау бүгінгі күннің талабы.

Қоғамға жаңа ой мен түсінікті, таным мен руханиятты негіздеуде және болашақ ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуге, тілін сүйіп, мемлекеттік тілді қастерлей білуге, ата дәстүрі мен ана тілін меңгерген саналы ұрпақ тәрбиелеуде аса маңызды.

##### **4.2 диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы:**

Шахажанова Гультар Каримжановнаның «С. Қасқабасов – фольклортанушы ғалым» атты зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасының білім мен ғылымды дамытудың «ҚР білім беруді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, 7.2. «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы пәнаралық зерттеулер: әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер; 7.2.1. Қазақстан тарихындағы ұлы есімдер мен Ұлы дәуірлер» бабына сәйкес келеді.

##### **4.3 диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау:**

Диссертациялық жұмыс – әдебиеттегі ең мазмұнды, ең үлкен саланы сипаттайтын ғылыми-теориялық еңбек. Аталған жұмыс ғалым С. Қасқабасовтың қазақ фольклортану ғылымындағы орнын анықтау негізінде осы саланың тарихына, теориялық белгілеріне талдау жасап,

ғылымдағы мәнін нақтылап берген. Әр кезеңдегі зерттеулердің өз орны бар дейтін болсақ, аталған зерттеулерді жоққа шығармай, әр ғылыми ойдың өз мәні бар екендігін назарға ала отырып, ғылымдағы кеңдікпен, ойдағы тереңдікпен қазақтың есте жоқ ескі замандардағы мұрасының ғылыми белгілерін, сипаттарын ғалым С. Қасқабасов зерттеулері негізінде анықтап береді. Әрі ол ғылыми ойлары сол өткен заманмен сабақтаса бүгінге желісін үзбей, тізбегін жалғастыра жеткізгендігін дәлелдейді. Диссертациялық жұмыс қазақ фольклортану ғылымын кешенді түрде зерттеу мен халық мұрасын жаңа бағыттағы ой жүйемен талдауға арналған ізденіс ретінде құнды.

5. **Ресми рецензенттердің жұмысына талдау.** Ресми рецензенттердің пікірлері талапқа сай жазылған. Сапасыз пікірлер жоқ.

6. **Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөнінде ұсыныстар жоқ.**

7. **Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:**

7.1 қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының): осы оқу жылында бір жұмыс қорғалды, құжаттары дайындалуда ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жолдау үшін.

7.2 қараудан алынып тасталған диссертациялар – жоқ.

7.3 рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар – жоқ.

7.4 қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар – жоқ.

7.5 пысықтауға жіберілген диссертациялар – жоқ.

7.6 қайта қорғауға жіберілген диссертациялар – жоқ.


Диссертациялық кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Жүсіпов Н.Қ.

Кадырова Б.М.



5.01.2024 ж.